

Сабақтың тақырыбы

Орта ғасыр: түркі тілі – ғылым тілі

9-шы сабақ

9-сынып

3-тапсырма:

19 бет. 8-тапсырма: Әртүрлі дереккөзден ұлы адамдардың жазу тарихы мен мәдениеті туралы 3 қанатты сөзін тауып жазыңдар.

Дескриптор:

- ақпарат көздеріндегі деректерге сүйенеді.
- деректерді тиімді пайдаланады.

Мәтіналды жұмыс.
Бұл кісілердің бүгінгі сабақтың тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін?



Абу Насыр әл-Фараби



Жүсіп Баласағұн



Қожа Ахмет Яссауи



Махмұд Қашқари

- **Махмұд Қашқари** (араб. *Махмұт ибн әл-Хұсейн ибн Мұхаммед әл-Қашғари*; 1029—1101) - түркі ғалымы, әйгілі «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты еңбектің авторы.
- **Жүсіп Баласағұни, Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни** (1020) - ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды.
- **Әбу Насыр Әл-Фараби** — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, "Әлемнің 2-ұстазы"^[2] атанған ғұлама. Оның заманы "Жібек жолы" бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген.
- **Қожа Ахмет Ясауи** (1093 ж.ш., кейбір деректерде 1103, 1041, Сайрам (Исфиджаб) — 1166 ж. Түркістан (Ясы)) — түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы.

2 – тапсырма. Мәтінді оқы. Берілген ақпаратты класстер түрінде жаз.

Екінші
ұстаз

70 –ке
жуық тіл
білген



Ойшыл



Ғалым

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңнің мазмұнын түсін.

Ал сен қалай бағыттадың нұрыңды?
Жасырмай айт,
Жасқанбай айт сырыңды, —
деп қария ұяң шәкірт — жас Әбуге бұрылды.



Әбу айтты:
— Менде де бар бір арман
Маздап жанып, қол бұлғайтын шынардан.
Ұлы баба, бірақ менің арманым
Парыз бенен махаббаттан құралған.
Шамын жақсам ғылым менен өнердің,
Елімді зор мерекеге бөлермін.
Бұл сапарым азапты да шығар-ау,
Не де болса, пешенемнен көрермін.
Мейлі мәңгі жарымайын киімге,
Мейлі түйір нан қалмасын үйімде,
Мейлі ұлының еңбек етіп арымен
Жүргендігін ұғынбасын қалың ел.
Мен өзіме риза емеспін, елімнің
Сүйеніші бола алмасам егер де.
...Ал Әбу ше?



Кеңге жайды ол қанатын,
Әбуіміз — әрі ғалым, әрі ақын,
Әбуіміз — біздің ұлы бабамыз —
Әбу-Насыр әл-Фараби болатын.

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,
Үлкен болып қалу үшін ғаламда
Үлкен арман керек екен адамға!

Мұхтар Шаханов



5- тапсырма. Өзіндік жұмыс.

Орта ғасыр ойшылдарының тіл туралы айтқандарын түсін.

Олардың мағынасын өз ойыңмен таратып жаз.

(Понять язык средневековых мыслителей. Запишите их значение своими словами)

- Түсінбеушілік, дөрекілік жүрген жерде логика, парасат туралы дұрыс түсінік болуы мүмкін емес. Там, где есть непонимание, грубость, не может быть правильного понимания логики и разума. (Әл-Фараби)
- Әдеп басы –тіл, бәрбие басы – тіл. Начало нравственности - язык, начало образования - язык (М.Қашқари)
- Білім –тұл, тілден шығып естілмесе . Знание - это личность, если его не слышать из языка (Ж.Баласағұн)

Үй тапсырмасы:

ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Төмендегі тірек сөздердің мағынасын анықта: *сөздік, халықаралық тіл, географиялық карта, «Ұлы кеңесші» лауазымы, Ата заң, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағатынсап.*

Негізгі ойды тезис түрінде жаз. Түсінгеніңді айт.



Аудиомәтін

Бағалау кестесі

1	Оқылым. Жазылым.	Мәтінді оқиды	1
		Мәтін бойынша кластер құрады	1
		Қосымша ақпарат көздерінен ақпарат жинайды	1
		Қосымша ақпарат көздерінен жиналған мәліметті кластерге түсіреді	1
		Жазу сауаттылығын сақтайды	1

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

Бас бармақ — басты мәселе. Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балаң үйрек — бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

Ортан терек — ойлану. Бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек — шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы. Өзімді сабақта қалай сезіндім?

ЕСТЕ САҚТА!

Орта ғасырларда түркі мәдениеті шарықтап дамыды. Түркі тілі әлемдегі ең озық ғылыми еңбектердің тіліне айналды. Шығыстың ұлы ойшылдары, әмбебап ғалымдар араб таңбасымен жазылған түркі тіліндегі ортағасырлық білім-ғылымның барлық саласын қамтитын орасан мол мұра қалдырды.